



"Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 бұйрығына N 61 өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2001 жылғы 25 желтоқсандағы N 548 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 25 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1737. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2005 жылғы 2 маусымдағы N 75 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" қаулысының қабылдануына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

- 1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту бойынша бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.
- 2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қатынастарға әрекет етеді.

*Министр
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Э к о н о м и к а ж әне б ю д ж е т т і к
ж о с п а р л а у М и н и с т р л і г і н і ң
2 0 0 5 ж ыл ғ ы 2 м а у с ы м д а ғ ы*

*N 75 бұйрығына қосымша
Б і р ы ң ғ а й б ю д ж е т т і к с ы н ы п т а м а с ы н
б е к і т у б о й ы н ш а б ұ й р ы қ т і з б е с і*

18. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2001 жылғы 25 желтоқсандағы N 548 (тіркелген N 1737) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 "Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы бұйрығына N 61 өзгеріс енгізу туралы" бұйрығы...

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары және басқа да мемлекеттік органдар қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және оларды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Z010247_ Қазақстан

Республикасының 2001 жылғы 10 қазандағы Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058_ бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бірыңғай бюджеттік сыныптамада:
бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасында:
1 "Ағымдағы шығыстар" санатында:
1 "Тауарлар мен қызметтерге арналған шығыстар" сыныбында:
110 "Жалақы" сыныпшасында 114-ерекшелік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары қызметкерлерінің жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары".

2. Заң қызметі департаменті (Қ. Әбдіқалықов) және Мемлекеттік бюджет департаменті (Б. Сұлтанов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министр